

**«С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті»
КеАҚ жанындағы 8D082-«Мал шаруашылығы» даярлау бағыты
(8D08201-«Жануарлар туралы ғылым» білім беру бағдарламасы,
6D080200-«Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы»
мамандығы) бойынша Диссертациялық кеңестің 2024 жылғы
атқарылған жұмысы бойынша
ЕСЕБІ**

Диссертациялық кеңес Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі, Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитетінің 2023 жылғы 2 мамырдағы № 190 бұйрығы, «С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ» КеАҚ Ғылыми кеңесінің шешімі (29.06.2023 жылғы №17 хаттама) және университеттің Басқарма Төрағасы - Ректордың 2023 жылғы 17 тамыздағы № 303-Н бұйрығы негізінде құрылды.

Диссертациялық кеңестің төрағасы – а.ш.ғ.д., профессор С.К. Шауенов, төраға орынбасары – а.ш.ғ.к., қауымдастырылған профессор С.К. Бостанова, ғалым хатшы – PhD докторы Д.К. Ибраев.

Диссертациялық кеңестің уақытша мүшелері диссертациялық кеңестің шешімімен тағайындалып, С.Сейфуллин ҚАТЗУ Басқарма Төрағасы-Ректордың 22.05.2024 жылғы №1.5.2-4/224-М/Д бұйрығымен бекітілді.

1. Өткізілген отырыстардың саны туралы деректер

Биылғы есептік жылда жалпы 2 отырыс өткізілді:

№ 1 отырыс (30 сәуір 2024 жыл) – докторант Т.С. Шарапатовтың 8D082 – Мал шаруашылығы даярлау бағыты, 8D08201 - Жануарлар туралы ғылым білім беру бағдарламасы бойынша диссертациялық жұмысын қорғауға қабылдау туралы өтінішін қарастыру, диссертациялық кеңестің уақытша мүшелерін және ресми рецензенттерді тағайындау;

№ 2 отырыс (20 маусым 2024 жыл) – 8D082 – Мал шаруашылығы даярлау бағыты, 8D08201 - Жануарлар туралы ғылым білім беру бағдарламасы бойынша докторант Т.С. Шарапатовтың диссертациялық жұмысын қорғауы;

2. Өткізілген отырыстардың жартысына кеміне қатысқан кеңес мүшелері - жоқ.

3. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы (ЖЖОКБҰ) көрсетілген докторанттар тізімі

№	Докторанттың тегі, аты, жөні	Диссертация тақырыбы	Ғылыми консультанттары	Ресми рецензенттері	Жоғарғы оқу орны
1	2	3	4	5	6
1	Шарапатов Тлекбол Сунгатович	Төбінді табын жағдайында	Шауенов Саукымбек Кауысович – ауыл шаруашылық	Турабаев Амангельды Турабаевич – ауыл	С.Сейфуллин ат. ҚАТЗУ

		<p>өсірілетін таза тұқымды және будан қазақ тұқымының «жәбе» типті биелерінің сүт өнімділігі</p>	<p>ғылымдарының докторы, «Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру және өңдеу технологиясы» кафедрасының профессоры, «С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КеАҚ Асанбаев Төлеген Шонаевич – ауыл шаруашылық ғылымдарының кандидаты (Hirsch index-1), «Зоотехнология және ветеринария» кафедрасының доценті, «Торайғыров университеті», КеАҚ, Павлодар қ. Monika Bugno-Poniewierska – doctor hab. (Hirsch index-18), «Жануарлардың көбеюі, анатомиясы және геномикасы» кафедрасының профессоры, Краков қаласындағы ауылшаруашылық университеті, Польша.</p>	<p>шаруашылық ғылымдарының кандидаты, ғылыми қызметкер «Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті» КеАҚ; Брель-Киселева Инна Михайловна – ауыл шаруашылық ғылымдарының кандидаты, доцент «Азық-түлік қауіпсіздігі және биотехнология» кафедрасының меңгерушісі «Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті» КеАҚ.</p>	
--	--	--	---	---	--

2024 жылы диссертациялық кеңеске 1 докторанттың құжаттары мен диссертациялық жұмысы ұсынылды.

4. Есепті жылы кеңесте қаралған диссертацияларға қысқаша талдау

4.1. Қаралған жұмыстар тақырыптарын талдау

Шарапатов Тлекбол Сунгатовичтің «Тебінді табын жағдайында өсірілетін таза тұқымды және будан қазақ тұқымының «жәбе» типті биелерінің сүт өнімділігі» тақырыбында табынды күтіп-бағу жағдайында жәбе типті таза тұқымды және будандастырылған қазақ биелерінің сүт өнімділігін анықтауға және жайылымдарда табындық жылқылардың жүріп өтетін қашықтығын бақылау үшін GPS-трекерлерді қолдануға арналған. Ғылыми-өндірістік зерттеулер нәтижесінде тәжірибе топтарындағы жылқылардың зоотехникалық сипаттамалары жүргізіліп, асыл тұқымды және будандастырылған құлындардың өсуі мен дамуы зерттелді; тәжірибедегі

биелердің желіні мен үрпек көлемінің сүт өнімділігіне әсері анықталды; таза тұқымды және будандастырылған биелердің сүтінің сүт өнімділігі мен химиялық құрамы анықталды; GPS трекерлерін қолдана отырып, жылдың әр мезгілінде табын жылқыларының жаю және демалу ұзақтығы зерттелді. Диссертация табынды күтіп-бағу жағдайында жәбе типіндегі қазақы таза тұқымды және будандастырылған биелердің сүтін өндірудің тиімділігін арттыруға бағытталған.

4.2 Диссертация тақырыбының «Ғылым және технологиялық саясат туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабының 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия айқындаған ғылымды дамытудың басым бағыттарымен және мемлекеттік бағдарламалармен байланысы

Т.С. Шарапатовтың «Тебінді табын жағдайында өсірілетін таза тұқымды және будан қазақ тұқымының «жәбе» типті биелерінің сүт өнімділігі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы 267 «Білім мен ғылыми зерттеулердің қолжетімділігін арттыру» бюджеттік бағдарламасы бойынша, «Ғылыми зерттеулер мен іс-шараларды бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру» бағдарламасы бойынша мемлекеттік тіркеуі BR10865103 «АӨК субъектілерінің өзекті өндірістік міндеттеріне цифрландыруды енгізудің әрбір саласы бойынша кемінде 3 цифрлық шешімді қолдана отырып, ғылыми негізделген Смарт-фермаларды (табынды жылқы шаруашылығы, етті мал шаруашылығы) әзірлеу және құру және фермер және шаруа қожалықтарының қызметкерлерін оқыту және цифрлық білімді оқитын студенттерге беру үшін қажетті референттік деректер базасын қалыптастыру» орындалған. Докторанттың жүргізген ғылыми зерттеулерінің негізінде жылқы шаруашылығында трекерлерді пайдалану бойынша ұсыныстар әзірленді.

4.3. Диссертациялар нәтижелерінің практикалық қызметке енгізу деңгейін талдау

Докторант Т.С. Шарапатовтың ғылыми зерттеулерінің нәтижелері табындық жағдайда жылқылардың мамандандырылған сүтті типін шығару келешегінде жылқылардың аналық ұялары мен айғырлардың өнімділігі жоғары аталық іздерін салуға бағытталған. Екі асыл тұқымды топтың биелерін іріктеу параметрлері негізінде «КХ Жаңа-Ауыл» ЖШС маусымдық қымыз фермасына енгізу үшін асыл тұқымды жұмыс бойынша ұсыныстар берілді. Жалпы, диссертациялық жұмыстың нәтижелері «КХ Жаңа-Ауыл» ЖШС және «Ақжар-Өндіріс» агрофирмасы ЖШС енгізілді. Зерттеу нәтижелері бойынша 18 айлық айғырлардың тірі салмағы жәбе типті қазақ айғырларынан 74,4 кг-ға, биелерінде 62,9 кг-ға жоғары болды.

5. Ресми рецензенттердің жұмысына талдау

Диссертациялық кеңес отырысында қорғалған диссертациялық жұмыс бойынша рецензенттер қарастырылып, бекітілді. Тағайындалатын рецензенттер ғылыми жобаларға қатысатын, халықаралық ғылыми басылымдарда жарияланымдары бар, тиісті мамандықтар бойынша ғылыми

дәрежелері, атақтары бар жоғары оқу орындарының, ғылыми ұйымдардың жетекші ғалымдары.

Рецензенттердің пікірлері оларды дайындау талаптарына сәйкес орындалып ресімделді. Жалпы тағайындалған рецензенттер диссертацияларға мұқият талдау жасап, олардың пікірлері қойылған талаптарға сәйкес орындалғанын көрсетті.

6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар

Ауыл шаруашылығы саласының ерекшелігін, оның ішінде маусымдық-далалық жұмыстар мен зерттеулерді ескере отырып, докторанттарды оқыту (даярлау) ұзақтығын бір жылға ұзартуды ұсынамыз, себебі 2-3 жыл ішінде олар зерттеулерді аяқтауға және жарияланымдарды, әсіресе жоғары импакт-факторы бар шетелдік басылымдарда жариялауға толыққанды үлгермейді.

7. Философия докторы (PhD) дәрежесіне ізденушілердің мамандықтар бойынша қаралған диссертациялар саны

Көрсеткіштер	8D082 Мал шаруашылығы даярлау бағыты
Қорғауға қабылданған диссертациялар	1
оның ішінде басқа ЖЖОКБҰ докторанттарының	-
Қараудан алып тасталған диссертациялар	-
оның ішінде басқа ЖЖОКБҰ докторанттарының	-
Ресми рецензенттердің теріс пікірін алған диссертациялар;	-
оның ішінде басқа ЖЖОКБҰ докторанттарының	-
Қорғау нәтижелері бойынша теріс шешім алған диссертациялар	-
оның ішінде басқа ЖЖОКБҰ докторанттарының	-
Пысықтауға жіберілген диссертациялар	-
оның ішінде басқа ЖЖОКБҰ докторанттарының	-
Қайта қорғауға жіберілген диссертациялар	-
оның ішінде басқа ЖЖОКБҰ докторанттарының	-

Диссертациялық кеңестің
төрағасы

С. Шауенов

С. Шауенов

Диссертациялық кеңестің
ғалым хатшысы



Д. Ибраев

“С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті” коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Күн 2025 жылғы «6» қаңтар

С. Шауеновтің ресме

Д. Ибраевтің қолын растаймын:

Ғалым - хатшы *Д. Ибраевтің қолы*